ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 желтоқсан іс №1912-24-00-2/2809 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ш.Н.Ргебек
сот отырысының хатшысы А.Мейманкулованы ала отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Токтиева Зейтуна Азатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Каракушев Д.С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 9 қыркүйекте мемлекеттік сатып алу веб-порталында директор Әділ Әбілұлы Ниязов (бұдан әрі - Талапкер) атынан «Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Зайтуна Азатовна Токтиева атынан КТ Company (бұдан әрі - Жауапкер) арасында №171 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалды.

Шартқа техникалық ерекшелікке сәйкес Жауапкер Шарт жасалған сәттен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде 15 көпфункционалды құрылғыны жеткізуді жүзеге асыруға міндеттенді.

Шарттың орындалу мерзімі 2024 жылғы 24 қыркүйекте аяқталды. 2024 жылғы 14 қазанда шарт бойынша міндеттемелерді орындамау себебінен шарт

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 30.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.01.2025, судья Ргебек Ш. Н., 12.02.2025
1912-24-3-1/2822

біржақты тәртіппен бұзылды.

Осыған байланысты талап қоюшының тарапынан осы талап қою сотқа жүгінген. Сот жауапкердің қатысуысыз АПКнің 196 бабы 4 бөлігінің негіздерімен қарлды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР Заңының (бұдан әрі – заң) 12-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастырады және оларға Заңның 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкесөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізбесін білдіреді. Осылайша, Жауапкер шарт бойынша міндеттеменің орындалмауына байланысты Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуі тиіс.

Тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерің толығымен орындамаған. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Осы фактілерді сот басшылыққа ала отырып, талап қою қанағаттыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның жауапкер ЖСН

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 30.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.01.2025, судья Ргебек Ш. Н., 12.02.2025
1912-24-3-1/2822

901130401637 жеке кәсіпкер Токтиева Зайтуна Азатовна қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Токтиева Зайтуна Азатовна жеке кәсіпкерді өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Токтиева Зайтуна Азатовна жеке кәсіпкердің атынан жергілікті бюджетке 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ш.Н.Ргебек**

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 30.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.01.2025, судья Ргебек Ш. Н., 12.02.2025

1912-24-3-1/2822